**“СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ” МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА СТЕПНОГОРСКА»**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2019 жылғы 03 қыркүйек № 161

Степногорск қаласы город Степногорск

**Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы**

Жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен қызметкерлері:**

1.1. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың, топтардың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін.

1.2. Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.

1.3. 2019-2020 оқу жылына оқушылар, ата-аналар, БМ қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жаңартылсын.

1.4. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.

**2. Білім беру мекемелерінің басшылары:**

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүгінген азаматтардың өтініштерін қарау мәселелері уақтылы, тұрақты бақылауда ұстансын.

2.2. 2019-2020 оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілуі кезінде білім алушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

2.3.Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыздандырсын.

2.4.Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы нормативтік құжаттарды мінсіз орындауы қамтамасыз етілсін;

2.5. Білім мекемесінде сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайда білім бөлімі уақытымен хабардар етілсін;

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет ба... кажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ...ІКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

00009859

2.6. Мектеп сайттарына оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы жоспары, ақпараттық-талдау материалдары жүйелі түрде орналастырылсын.
2.7. Тоқсан сайын бюджеттен тыс қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті мектеп сайтына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

**Білім бөлімінің басшысы** **Т.Семенюк**

Орындаған: .А.Оспанова, 6-35-14